



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№3 5 желтоқсан 2019 жыл бейсенбі

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

Студенттердің жетістіктері

13

«Тараз қаласы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Тараз қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі «Тараз қаласының Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №243 қаулысын іске асыру мақсатында 2019 жылдың 21 қарашасында өткізілген «Үздік мекеме-2019» қалалық байқауында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушыларынан құралған «Жомарт жүрек» тобы үшінші орынды иеленіп, ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды.

«Солтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК «Емдеу ісі» мамандығы, біліктілігі «Фельдшер», «Акушер» «Акушерия» пәні бойынша Республикалық онлайн режимдегі олимпиада өткізілді. Жетекшілері: «Акушерия және гинекология» пәні оқытушылары:

Кенесбекова А.Ж., Оразбекова С.Е., Жарасова Ж.С. Олимпиадаға қатысқан студенттер 419 топ Сунатуллақызы Сара, Аширова Құралай, 416 топ Қали Аяулым жулделі орындарға ие болды.

30.11.2019 ж. Колледжде «Рухани дамыту» орталығының ұйымдастырумен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Абай әлемі» тақырыбында «Абай оқулары» байқауы өтілді. Мақсаты: Ақын Абай Құнанбайұлының ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы мәнерлеп жатқа айтуға, поэзияны сүйеге, оны бағалай білуге тәрбиелеу. Байқау үш номинация бойынша:

Бірінші номинация: «Біліміден шыққан сөз» Абайдың қара сөздерін, өлеңдерін, өз таңдауы бойынша мәнерлеп жатқа айту.

Екінші номинация: «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» Абайдың әндерін орындау.

Үшінші номинация: «Ұрпақтарың есіне алып өзінді Жауһар жырмен мүсініңді сомдайды» поэмалардан үзінді көрініс.

Қазылар алқасының қорытындысы бойынша:

Бірінші номинация бойынша: 1орын 106 топ студенті Амантаева Фариза, 2орын 103топ студенті Тақымай Қаламқас, 3орын 101 топ студенті Еркін Инабат иеленді.

Екінші номинация бойынша: 1орын 104топ студенті Жүсіпова Ұлдана, 2орын 103топ студенті Тілеубергенова Айдана иеленді.

Үшінші номинация бойынша: 1орын 103топ, 2орын 101топ. Барлық қатысушылар Алғыс хаттармен марапатталды.



04.12.2019 ж. Этнос жастары арасында өткен қазақ тілі білгірлерінің "Тіл парасаты" атты облыстық байқауында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 212 топ студенті Вердиева Ругая ІІІ орынмен марапатталды.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 желтоқсан - ҚР тұңғыш Президент күні 1

Жас мамандар мектебінің отырысы 2

Колледжішілік байқау 3

Үйірме отырысы 4

Ашық тәрбие сағаты 5

Кездесулер 6

Психологиялық апталық 7

Салтанатты ашылу 8

Көрме 9

Құқық бұзушылықтың алдын алу 10

Экскурсия 11

Құттықтаулар 12

Студенттердің жетістіктері 13

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhm_k_zhambyl.kz



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№3 5 желтоқсан 2019 жыл бейсенбі



№3 5 желтоқсан 2019 жыл бейсенбі

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тұлғаш Президент күні

1



28.11.2019 ж. 317 топ «Емдеу ісі» бөлімі студенттерінің қатысуымен «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тұлғаш Президент күніне» орай «Елбасы – елдің тұтқасы» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағаты өткізілді. Бөлім меңгерушісі: А.М. Мадидраймова, куратор А.Т. Көбегенова. Тәрбиелік мақсаты: Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып, Отанын, халқын сүйе, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Елін сүйген, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу. Тәрбие сағатының ашылуы Қазақстан Республикасының Гимнімен басталды. Елбасымызға, Отанымызға, туған елімізге, жерімізге арналған өлең жолдарын үш тілде оқыды. Сондай-ақ, ән-би орындалды. Тәрбие сағаты «Елбасымыздың өмір жолы» тақырыбындағы баяндамасымен жалғасты. Н.Ә. Назарбаев туралы бейнетаспа, «Менің балалық шағымның аспаны» кинофильмінен үзінді көрсетіліп, 1 желтоқсан – Тұлғаш Президент күніне арналған «Мәңгілік ел» әнін хормен аяқтады.

Жас мамандар мектебінің отырысы

2



27.11.2019 ж. «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқытушының психологиялық-педагогикалық мәдениеті» тақырыбында жас мамандар мектебінің отырысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп, риторика, жүріс-тұрыс мәдениеті. Жауапты: психолог Өскенбаева А.Н.
- 2.2. Жас мамандар тап болатын мәселелер бойынша пікір алмас
- 2.3. Топ тәрбие жоспарының жүйелі-рөльдік моделі (топ кураторы жұмысының диагностикасы, мақсаттарының жобалануы, ұжым бірлігі мен дамыту жолындағы іс-әрекеті, студенттің тәртіптілігін бағалау шарттары.) Джампеисова Н.Е.
- 2.4. «Менің сүйікті ұстазым» тәлімгердің іс-тәжірибесінен: Сабақ жоспарларын құрастыру бойынша практикум. Парманова А.Т., Көбегенова А.Т.,

2.5. Цифрлы Қазақстан бағдарламасы аясында «Кәсіби шет тілі пәнінен жаңа технологияларды және «Smart English» әдістері арқылы «Hospitals. All, both, each, every.» тақырыбында панорамалық сабақ. Жауапты: ағылшын тілі пәні оқытушысы Л.Б. Саурбаева.

Семинар колледж әдіскері Л.К. Батаева семинар тақырыбы мен мақсат-міндеттерін, күн тәртібімен таныстырумен басталды. Колледж психологі А.Н. Өскенбаева психологиялық дайындық мақсатында «Бір-бірімізге жылылық берейікші!» тренингін жүргізді. Тәжірибелі оқытушылар А.Т. Көбегенова, А.Т. Парманова, Л.Б. Саурбаева панорамалық түрде жас мамандарға озық тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбие ісі жөнінде кураторлар кеңесінің жетекшісі Н.Е. Джампеисова жастарға кеңестер берді, сұрақтарына жауап берді. Жас мамандар тап болатын мәселелер бойынша, педагогикалық жағдаяттар бейнероликтерден көрсетіліп, жас мамандар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Семинар кеңес өте жақсы деңгейде өтті.

Колледжішілік байқау

3



04.12.2019 ж. колледждің орталығының "Ақпараттық технологиялар ұйымдастыруымен "IT weekend" инновациялық - педагогикалық технологиялар идеялары атты колледжішілік байқау өткізілді. Байқауға тоғыз оқытушы қатысты. Бас жүлде иегері "Тарих" пәнінің оқытушысы Маманова Ш.Т. 100.000 тг иегері атанды. I орын иегері "Акушерия және гинкология" пәнінің оқытушысы Кеңесбекова Ә. Ж. 50.000 тг иегері атанса, II орын иегері "Кәсіби ағылшын тілі" пәнінің оқытушысы Саурбаева Л. Б. 30.000 тг иегері атанды. III орын иегері "Анатомия және физиология" пәнінің оқытушысы Бөпеева А.А. 25.000 тг иеленді. Келесі қатысушыларға К. Ж. Байбосынова, Р. Т. Нурбаева, Э. Ж. Султанаева, М. Т. Досжанова, Г. С. Токкулиева сыйлық ретінде Алғыс хатпен 5000 тг берілді.



13.11.2019 ж. Колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты С.Е. Убайдуллаев, ҚБАЗ меңгерушісі Р. Усенов студенттер арасында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында «Жол ережесі», «Техника қауіпсіздік ережелерін» түсіндіріп өтті.



23.11.2019 ж. «Жасөспірім және қылмыс» тақырыбында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында бөлім меңгерушісі С.С. Тұрғымбекова, тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.К. Мейрманова, ҚБАЗ меңгерушісі Р.Б. Усенов, колледж инспекторы Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты С.Е. Убайдуллаевтар сөз сөйлеп, қылмыс жасауға болмайтынын ескертіп, бір қатар заңнамалармен таныстырып өтті.

29.11.2019 ж. "Баланың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа, Жамбыл облысы ПД әйелдерді зорлық зомбылықтар қорғау тобының аға лейтенанты А. Ж. Жанисова, Аға үйі қоғамдық қоры А. Т. Ажибекова, Нығмет нұры қоғамдық бірлестігі Ш. Б. Сүйімкүл, Тараз қаласы ЕҚҚІБ полиция аға лейтенанты Г. Р. Мамедов, аға инспектор А. Ж. Жанисова, Тараз қаласы ПБ әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау тобы А. Мусаева, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ аға инспекторы, полиция майоры Д. Кинжиханова, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты С. Е. Убайдуллаев келіп ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Экскурсия

11

15.11.2019 ж. Тарихы терең – еңбегі ерен шекарашылардың егемен еліміздің мемлекеттік шекарасын күзету жолындағы жауынгерлік жетістігін ұлықтау мақсатында 2035 әскери бөліміне қарасты «Гродеково» шекара заставасында «Әскердегі бір күн!» акциясына Бегалиев Ж.Б. және 1, 2 курс студенттері қатысты.



25.11.-01.12.2019 ж. аралығында "Бурабай" мен Нұр-Сұлтан қалаларында өткен, Қазақстан студенттерінің Альянсы Қазақстан Республикасының тұлғаш Президенті - Елбасы Н. Назарбаевтың "2019 жыл - Жастар жылы" деп жариялануына байланысты Жастар ісі жөніндегі комитет басшыларының I-ші және Республикалық студенттердің XVI - ші шақырылымына колледждің Жастар ісі жөніндегі инспекторы Д. Е. Амантаев және колледждің белсенді студенттері қамтылды.



Құттықтаймыз!

12



«Қазақ тілі және қазақ әдебиеті» пәнінің оқытушысы А.Т. Мәдімарованы және «Орыс тілі және орыс әдебиеті пәнінің оқытушысы» Р.Ж. Конашеваны зейнетке шығуларыңызбен құттықтаймыз!

Талай күндер төккен термен өткен күн,
Қуаныштың нәрі көкпен сепкен күн.
Талай жылдар тағылымы толысып,
Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.
Еленді еңбек қуанышты бәріміз,
Зейнет жаспен құлпырады сәніңіз.